

■ Eurasian Innovative Scientific Research Center

ISSN:3006-1164

Eurasian Science Review

An international, peer-reviewed, multidisciplinary journal



Volume, 2. Issue 8

December 2024

Eurasian Science Review

An international, peer-reviewed, multidisciplinary journal

ISSN 3006-1164

Indexed by Google Scholar, CrossRef.

Copyright © 2024 by Eurasian Innovative Scientific-Research Center

All rights reserved. No part of this publication may be reproduced, stored in a retrieval system, or transmitted, in any form or by any means (except as otherwise permitted by the Italian Law No. 633 of April 22, 1941, on the Protection of Copyright and Neighboring Rights - as amended up to Law No. 2 of January 9, 2008), without the prior written permission of ESR.

For information on subscriptions visit www.eurasia-science.org or contact us at editor@eurasia-science.org

Editorial Team

Editor in Chief: Robert SIMON

Managing Editor: Nurbolat NYSHANBAYEV

**Editorial Advisors: Oraz SAPASHEV, Ph.D, Professor,
IstanbulUniversity, Turkey**

Katherine RICHARD DSc in Law, Hasselt University; Kingdom of Belgium

Peter COOPER, Chair of the International Teachers Association, Germany, Thailand.

Sophia PANAGOS, Ph.D, Kings Colledge, ITS Ambassador for USA.

Nurzhan ABDIRAZAKOV PhD Candidate Alanya AlaaddinKeykubat University,
Turkiye, MSc. University of Surrey, UK.

Kanako TANAKA PhD in Engineering, JapanScience and Tech-nology Agency; Japan

Elise BAND LL.D., The University of Sydney; Australia;

Vera GORAK, Professor, Karlovarská Krajská Nemocnice; Czech Republic

Heinrich COOKSON, PhD, South Africa.

This blank intentionally left

About the Journal

The Eurasian Science Review is an academic publication that takes a multidisciplinary approach, presenting monthly research across various fields. The journal embodies values of innovation and substantive studies, maintaining stringent academic and peer-review standards. Its clear mission is to provide a dynamic platform for scholars and researchers to disseminate their work and contribute to the global scientific dialogue. One defining characteristic of the journal is its commitment to an Open Access Policy. This policy ensures immediate and unrestricted access to all published articles, promoting global accessibility and increasing the impact and visibility of authors' contributions.

The journal aligns with its goal of advancing academic discourse by championing a broader dissemination of scholarly knowledge. The Eurasian Science Review covers various disciplines, including social sciences, humanities, natural sciences, and applied sciences. This broad scope fosters interdisciplinary research, encourages collaborations, and serves as a hub for diverse academic exploration. By nurturing diverse fields, the journal creates an environment that thrives on varied perspectives and comprehensive academic engagement. Authors retain copyright over their published work, allowing the journal to disseminate their research while protecting their rights. This approach encourages the sharing and utilization of scholarly content, promoting a culture of collaboration and knowledge exchange. Recognizing the importance of long-term preservation, the journal is integrated into the LOCKSS and CLOCKSS archival systems.

Lastly, the journal upholds the highest ethical guidelines, ensuring that all published research aligns with ethical standards and maintains academic integrity. This unwavering commitment fosters trust and credibility within the academic community, further establishing the journal as a beacon of scholarly excellence.

Content

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ АЛМА ҚЫРУБАЕВАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ	8
САРБАСОВ БОЛАТХАН СЕРҒАЗЫҰЛЫ	8
БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	16
Қуанова Айшолпан Бактыбековна	16
ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ ТУ	21
Кизатова-Шабанова Акмарал Еркінқызы	21
ПРОБЛЕМЫ ВЛИЯНИЯ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ НА ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПСИХОЛОГОВ В ЭПОХУ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА.....	24
Барлыбаева Эльмира Жаксылыковна	24
ВОЗМОЖНОСТИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ СОВРЕМЕННЫХ МЕТОДОВ ДИАГНОСТИКИ ОБОРУДОВАНИЯ ПОДСТАНЦИИ.....	32
Меирбекова Оксана Даировна.....	32
СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ	52
Асаналиева Мээргүл Максуталиевна, Джоошбекова Зинагүл Рысбаевна.....	52
АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МИСТИКА ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯ	59
Әлімова Ләззат Қайратқызы	59
ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИКА В ТУРИЗМЕ: СОЕДИНЕНИЕ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ	69
Хабулов Дамир, Исмаилова Роза Байжумановна	69
.....	77

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ АЛМА ҚЫРУБАЕВАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Сарбасов Болатхан Серғазыұлы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология
ғылымдарының кандидаты, «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері
Алматы қ. Қазақстан
e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru

Аңдатпа

«Сенім» бағдарламасы ұлттық тәрбие, ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бағдарламадағы ұлттық тәрбиенің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпы азаматтық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Алма Қыраубаеваның педагогикалық еңбектері өзіндік танымдық, ағартушылық, тұрғыда жоғары бағаланды. Оқу-ағарту мен ғылымды дамыту жолында аянбай еңбек етіп, қазақ жастарының терең ойлы, айтулы азамат болып қалыптасуына ықпалын тигізген ұлағатты ұстаздардың бірі. Осындай ерен еңбектері еленіп, халық жадында мәңгі сақталған жан. Алма Қыраубаеваның «Жаным садаға» атты еңбегі – өзінің көп жылғы ұстаздық қызметінде, өмірде болған, өзі көзімен көрген шәкірттерінің арасында болған оқиғаларды көркем әсем тілмен баяндай отырып, оқыту мен тәрбиелеудегі тәрбиенің бірнеше үлгілерін ұсына отырып, болашақ жас ұрпақты алдымен отансүйгіштікке, туған жері мен туған елін қадірлеуге, ана тілін құрметтеуге, сөз өнері арқылы сапалы білім мен саналы тәрбие беретін бірден-бір еңбек деп мақтанышпен айта аламыз.

Түйін сөздер: Ұлттық тәрбие, рухани құндылықтар, жиырма тоқтам, авторлық ұстаным.



Кіріспе. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Қазақ елінің әлемдік кеңістікке өз жолын таңдауы әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол сөзсіз ұрпақтар қамы деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру сонау түркі заманынан желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу – болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбиемен жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық.

«Тәрбие басы – тал бесік» деген сөз тегін айтылмаған. Сөз жоқ, болашақ ұрпақтың өнегелі болуы жастайынан берілген тәрбиеге байланысты. Сондықтан да қандай қоғам да болмасын ұстаз бен шәкірт тәрбиесіне ерекше мән береді.

Алма Қыраубаева – ғалымдықты ұстаздықпен жалғастырған ұлағатты жан. Ежелгі дәуір әдебиетінің нұсқаларын зерттей жүріп, бұл әдеби жәдігерлердің қазақ тілінде жарық көруіне, көп еңбек сіңірді. Жоғарғы, орта мектептерге арнап бірнеше оқу құралдары мен монографиялар жазды. Ұлтжанды, жаңашыл ұстаздың ұлтының тарихы мен рухани байлығын игерген кемел ұрпақ тәрбиелеу басты арманына айналып, 90-жылдары жаңа үлгідегі мектепті ұйымдастыруды қолға алды, жас ұрпақтың жан дүниесіне үңіліп, ұстаздық үлкен жүрегінің шындығын жайып салған «Жаным садаға...» кітабын жазды.

Осы орайда, ғалым Алма Қыраубаеваның жалпы білім беретін мектептерге арналған «Сенім» бағдарламасын ерекше атаған жөн. Бұл бағдарламада ұлттық тәрбие идеясы айқын, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұлттық рухани құндылықтарымыз насихатталады.

Кітап негізінде «Қазақстан мектебі» журналының 1996 жылдың сәуіріндегі санында Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы жарияланды. Бағдарлама негізі – Алматы облысының Қаскелең ауданы (қазіргі Қарасай ауданы) Жандосов ауылындағы 1993-1996 жылдар аралығында жұмыс істеген Гуманитарлық қазақ мәдениеті мектеп лицейінің тәжірибелік сынама (апробация) нәтижесі. Десек те, нағыз еңбек пен Алма апайдың шынайы ниеті «Сенім» бағдарламасының дәуірінің тоқтамауына негіз болды. Бүгінгі таңда мұғалімдік мамандықты тізгіндеген жандардың, әсіресе, қазіргі қоғамдағы жастардың одан алары көп деп білеміз. Баспасөз бетінде жарияланған «Сенім» бағдарламасының мәні мен маңызына қысқаша тоқталғанды жөн санадық:

– «Сенім» бағдарламасы – ұлттық мектеп моделі деп атауға болатын жаңа сипаттағы мектептің толық педагогикалық процестер алгоритмін қамти

отырып, жүйелі әрі нәтижелі түрде сынамадан өткенінің дәлелі болатын негізгі құжат;

– Ол – Алма Қыраубаеваның авторлық мектеп технологиясы. Бұл – ғылыми-педагогикалық негіздемелері айқын, құқықтық-нормативтік талаптарға сай, баламасы жоқ ұлттық мектеп үлгісі;

– Бұл жаңашыл жоба – өзінің өміршеңдігі мен маңыздылығын уақыт өткен сайын дәлелдеуімен қатар, ХХ ғасыр аяғында ұлттық қазақ педагогикасының дамуына үлес қосқан тың идея, батыл педагогтік көзқарас, ұлттық құндылықтарға негізделген заманауи жоба.

«Жаным садаға» кітабының маңызы сол, мәңгілік ұлы қағида – тұлға тәрбиелеуді басты назарға алған. Бүгінгі қазақ қоғамы үшін бұл аса бағалы құндылық. Бүлдіршіндер болсын, жасөспірім болсын, студенттерге де қазақи болмысты сіңіру, әрі оны сақтау – борыш.

Алма Қыраубаеваның басты талаптарының бірі «Сенім» бағдарламасымен жұмыс істейтін әрбір мұғалім «Жырма тоқтаммен» жақсы таныс болу керек деген еді. Сол бағдарламадағы **«Жырма тоқтаммен»** көпшілік қауымды таныстыруды жөн көріп отырмыз:

- Кісі екеніне күмәнмен қараған баладан кісі шықпайды.
- Оқушының кемшілігін көргіш болсаң, ықыласын өлтіресің. Жеңісін ізде.
- Баланы таң қалдыруды ұмытпа. Даналыққа ұмтылу таң қалудан басталады.
- Әр баланың өмір тіршілігі – өзінше бір тағдыр. Баланың тағдырына ой көзімен қара. Сабаққа келмесе, себебіне үңіл. Сабағыңа қызықпаса, себебіне үңіл. Тентек болса, себебіне үңіл. Себебін алдымен өзіңнен ізде, мұғалім.
- Мұғалімнің өз сабағын білуі жеткіліксіз. Баланың жан дүниесін түсінбейтін мұғалім сабақ беруші ғана.
- Баға құнды емес, бала құнды.
- Бала мектеп үшін емес, мектеп бала үшін жұмыс істеуі керек.
- Әр бала өз мүмкіндігінің жоғары-төмендігіне қарамастан, өзінше бір ғажайып құбылыс.
- Мұғалімнің мақсаты өз пәнін жақсы үйретуден көрі тереңіректе. Ол – адамды жасаушы адам.
- Сабақ дегеніміз – мұғалім мен шәкірттің адамгершілік қарым–

қатынасы.

- Баланың мүмкіндігіне сенген мұғалім мен сенбеген мұғалімнің іс-әрекеті әр түрлі болмақ.
- Көптің көзінше баланың кемшілігін бетіне баспа. Сеніп айтқан сырын шашпа.
- Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиеттерін аша білу.
- Сабақ үстіндегі тыныштыққа көп ізденіспен, еңбекпен ғана жетуге болады.
- Мұғалімнің сөзі мен ісі жасанды емес, шынайы болуы аса қажетті шарт.
- Баланың ықыласын оята біл. Қолынан іс келетіндігіне сендіре біл.
- Мұғалім мен баланың қарым-қатынасы қуанышты әрі пайдалы болсын.
- Балаға сыйлы боламын десең, өзің баланы сыйла.
- Қиын тақырыпты түсіндіре салып сұрауға асықпа, келесі сабақты қайта түсіндіруден баста.
- Әр бала – халқының келешек тұлғасы [1, 198б.].

Алма Қыраубаева ашқан мектепте де ағылшын тілі оқытылды. «Мектепте ағылшын тілінің оқытылуында көп артықшылықтар бар. Біз осы тілді баланың меңгеруін қазақи көзқарасты қалыптастыру арқылы тәрбиелейміз. Ақырында оқушы шет тілін білгенімен жаны да, жүрегі де қазақ болып шығады. Әр азамат – өз дінін терең түсініп, қастерлеу парыз. Мұны бала жастай бойына сіңірсе пайдасы өте зор» [3, 185б.], – дейді ұстаз. Өркениет әлеміне шығуға дайын адам даярлау жолы – мәдениетті тұлға қалыптастыру. Қазақ елі, туған жері туралы мәліметтермен сусындап қана қоймай, әлем жаңалығында жан-жақты біліп отыратын өркениетті ел болар еді.

Әдіснамасы. Ғалым Алма Қыраубаеваның «Жаным садаға» (1995) атты дидактикалық еңбегі, оның ұзақ жылғы ұстаздық тәжірибесінің жемісі. Автор оқушының, білімгердің ұстаз бен қарым-қатынасы қандай болғаны абзал, қатал мұғалім – жақсы мұғалім бе немесе «ұстазы жақсының ұстамы жақсы» сияқты тақырыптарды сөз ете отырып, халықтық педагогиканың інжу маржандары мен өз өз ой-толғамдарын ортаға салады.

Алма Мүтәліпқызы адам жанын түсінуге шебер болатын. Университет қабырғасында сабақ берген жылдары осыны терең зерттеді. Әр баланың

бойында бір ерекшеліктің боларына, сол кәусар бұлақтың көзін ашсаң, көңіл көкжиегінің де кеңі түсеріне сенетін. Қазақ балаларының бойында бұйығып жатқан өнер-білімнің балауса мінез бен биязылықтан бері өте алмай бұлқынып жататыны жанына бататын. Олардың «Мен»-ін қалыптастыруды мақсат тұтты.

«Шәкірттің өз пікірімен келіспегеніне қуанамын. Ол өз ойын дәлелдеуге тырысса, пікірін қысылмай жеткізе алса, сабақтың жетістігі сол», – дейді Алма Қыраубаева [1, 170б.].

Ғалым Алма Қыраубаева «Жаным садаға» еңбегінде өзінің өн бойынан өткізген ішкі толқыныстарын жеткізе отырып, ұлттық мүддені дәріптейді. Бұл еңбекті бар қазақ, әсіресе, қазақ қыздары көп оқуы керек деп ойлаймыз.

Әсіресе, қыз баланың тәрбиесіне айрықша назар аударады. Алма Қыраубайқызы әрбір шәкірттің психологиясын жете танып, түсіне отырып, сырласа білуге, жүрегіңе жол ашуға әрдайым шәкірттерін білімге, ғылымға деген қызығушылығын арттырып дамытатын еді.

Ұстаз өте қарапайым, жылы жүзді адам. Автор бұл кітабында мұғалім мен шәкірт арасындағы түсініспеушілік қарым-қатынастарын қалай жақсартсақ деген оймен тәрбие барысында халықтық педагогиканың үлгілерін басшылыққа ала отырып, әр сөзін мақал-мәтелдермен баянды етіп, тыңдаушыға әсерлі, жүрекке қонымды етіп жеткізеді.

Мысалы, автордың мына пікірі өте орынды, түсінікті өсиет сөзге айналған. «Әр шәкірттің өз мінезіне қарай бабын таба алмасақ, онда мұғалім емес, сабақ беруші ғана болып қаламыз. Шәкіртін сыйламайтын мұғалім ғана онымен дауласып, ұрысуға барады. «Сыйлы боламын десең, сыйлай біл» деген мақал мұғалімге де арналған. Жан дүниесін білмеген адам мұғалім бола алмайды. Мұғалімде тәуіптің көзі, ақынның жүрегі, суретшінің қиялы болсашы. Жазушы мен мұғалім бірігіп, оқушының жан дүниесін жасап шығарады. Нағыз мұғалімнің еңбегі – суреткердің еңбегі сияқты шығармашылық еңбек», – дейді Алма Қыраубаева [2, 24 б.].

Шәкірттің сеніп айтқан сырын сыртқа шашпа, бетіне баспа. Әр бала өзінше жұмбақ, өзіңше байлық. Барлық жерде мұғалімге қойылатын талап: Балаңы тәрбиеле! Бірақ тәрбиенің не екенін дұрыстап түсіндірген ешкім жоқ. Тәрбиелеу дегенді – тәртіпті қылу деп ойлаймыз. Мұғалімнің бақыты да – балада, күйініші де – балада.

Негізгі бөлім. Автордың «Жаным садаға» кітабын деректі әңгімелерге

құрылған адамға тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге беретін дидактикалық еңбек деп бағалаған жөн. Сонымен қатар, мұғалімдерге шәкіртті оқытудың, тәрбиелеудің әдістемелік әдіс-тәсілдерін жан-жақты ашып көрсетеді. Адам бойындағы туа біткен, қалыптасқан асыл қасиеттерді, ұлттық тәрбие мен ұлттық сана-сезім арқылы сіңірсе екен дейді.

Алма Қыраубаева өзі университетте оқыған жылдары психология сабағын еске алғанда еуропалық ұлы педагогтердің туған жылы мен кітаптарының атын жаттаумен өткенін ерекше айтады. Сонымен қатар, баланың жан дүниесінде болатын түрлі ауытқулармен мүлде таныс еместігін еске алады. Ал шын мәнінде баланың психологиялық ахуалы оның сабақ үлгеріміне тікелей байланысты болып табылады. Ғалымның еңбегінде басынан өткен оқиғаларын баяндай отырып, әртүрлі жағдаятта қалай әрекет етудің үлгісін көрсетеді.

Алма Мүтәліпқызы – аз өмір сүрсе де, көп шаруа тындырып кеткен арда азамат. Ғылымда өзінің терең таным-түсінігімен еліне кеңінен мәлім болды. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеді. Филология ғылымының докторы дәрежесін алып, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Астанадағы Л.Гумилев атындағы университеттің профессоры болды. Мындаған шәкірттерге үлгі тұтар ұстаз бола білді. Көптеген әріптестерінен бір ерекшелігі – ол сол жас буынның көбінің жанын ұғар жанашыр жақыны, сырлас досына айналды. Бұл жайлар өзінің жазған кітаптары, замандастары мен шәкірттері жарыққа шығарған «Алма апай» атты жинақта жан-жақты баяндалған [4, 110б.].

Ұлттық мәдениет пен ана тілі – егіз ұғым. Өткеннен сабақ алмаған өнер де, білім де алға басып өркендемек емес. А.Байтұрсынұлы, Ж.Досмұхамедұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов т.б. тәрізді асыл азаматтардың педагогикалық еңбектерінен бастау алып жатқан, ұлттық «Менді» жоғарғы сатыға көтерген Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасын қолдап, болашаққа бағдар етіп алсақ адаспаймыз деп ойлаймыз. Өзінді қор санап, өзгені зор тұтатын бағыныштылықтың жойылар, сенімділіктің күшейер сәті келгенде ел жастары ұлт уызымен ауызданған, болашағына сенген ұрпақ болуы тиіс екені белгілі.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаева – тәжірибелі ұстаз, көне түркі әдеби ескерткіштерін зерттеуші, әдебиеттанушы ғалым. Білім беру беру жүйесіндегі заманауи жаңа инновациялық технологияларды игеру және жас педагог мамандардың бойында рухани ұлттық адамгершілік құндылықтарды дамыту ұстаздың басты қағидасы.

Кез келген халықтың әдебиеті мен тарихи қалыптасуы ежелден бастау алады. Қай халықтың болмасын әдебиеті мен мәдениетін, тарихын зерттеп, оның тереңіне үңіліп, жан дүниемен түсіну үшін тамырынан өріс алу керек екені сөзсіз. Қазақ халқы да өзіндік әдебиет пен мәдениеті қалыптасқан зерделі ұлт.

Ғалым Алма Қыраубаева қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірінің бір арналы бұлағы болып табылатын көне дәуір ескерткіштерін зерттеген, сол дәуірдің бай әдеби мұраларының халықтың ғылыми қазынасына айналуына елеулі үлес қосқан зерттеушілердің бірі.

Ғалым-ұстаздың ежелгі дәуір әдебиетіне арналған бірнеше ғылыми еңбектерін ерекше атағанды жөн көрдік. Атап айтсақ, ол қазақ мектептеріне арналған «Ежелгі әдебиет» (1996) оқулығы, жоғары оқу орындарына арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991), «Ғасырлар мұрасы» (1998), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997) монографиялардың, «Махаббатнама» (1985), «Түркі әдебиеті» (1988) оқу құралдары және «Жаным садаға (1995), «Мыңжылдық жолаушы» (2012) т.б. [5,12 б.].

«Еңбексіз ғалым – жеміссіз ағаш секілді» демекші, ғалым жаңаша сипат беретін, рухани бай асыл қазына болып табылатын 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы.

Ғалым Алма Қыраубаеваның қай шығармасын алсақ та, болашақ ұрпаққа берер тәрбие мен тәлімнің молдығын аңғарамыз. Осы секілді туындыларды жас ұрпаққа насихаттау арқылы өткенге көз жүгіртіп, жарқын болашаққа нық қадам жасай аламыз. Жалпы алғанда, түркі халықтарының ежелгі дәуір әдебиетін зерттеу барысында түпнұсқа мен қолжазбалардың жетіспеуі, көпшіліктің қолына тимеу секілді жағдайлардың болуы, бұл кезеңдегі әдеби ескерткіштердің зерттелуіне біраз қиындықтар туғызған болатын.

Қорытынды. Міне, ұстазы Бейсенбай Кенжебаев бастап, шәкірті Алма Қыраубаеваның қолдап, бар өмірін ғылым мен білімді дамытуға арнаған зерттеуші ғалым, көптеген тың деректерді шетелдік басылымдардан және Ғылым академиясының қолжазба қорынан алып, салыстыра зерттеген. Жоғарыда аталған осындай туындыларды оқушыларға, жалпы оқырман қауымға қызықты тартымды жеткізуі – ұстаз Алма Қыраубаеваның ғылымға тұтастай беріліп, табандылық танытып, ежелгі дәуір әдебиетін бір арнаға салғандығын көреміз.

Халқыңа қалаулы, еліне елеулі, ағайын-туыс арасында өзінің әңгімешіл, шешен-даналығымен, іскер-шеберлігімен, өнерпаздығымен үлкен бедел

құрметке ие болып, халықтың құрметтейтін «Алма апайы» атандыңыз.

Қорыта айтқанда, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаеваның ұстаздық қызметі, қарапайым қажырлы еңбек жолы өскелең ұрпақты тәрбиелеудің шынайы үлгісі болып табылады. Ғалым-ұстаздың білім саласында жасаған ұзақ жылдардағы еңбегін жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне, саналы азамат, парасатты тұлға болып қалыптасуына қосқан зор үлес деп білеміз.

Ұлтын ұлықтаған ұлағатты ұстаз Алма Қыраубаеваның өмір белестерінде қажырлы еңбекпен жеткен жетістіктерін мақтанышпен жастарға үлгі-өнеге ретінде насихаттау, бүгінгі жас ұрпақтың ой-санасына сіңіру баршамыздың міндетіміз деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қыраубаева А. Жаным садаға. – Алматы: Өнер, 1995. – 116 б.
2. Дәрібаев С. Алма апай: естеліктер жинағы. 2-басылым. /Баспаға дайындағандар: Н.Мәтбек, Г.Асқарова. – Алматы: Өнер, 2012. – 450 б.
3. Қыраубаева А. «Сенім» бағдарламасы. //Қазақстан мектебі, 1996, сәуір, №4
4. Майғаранова Ш. Ұлттық мектеп үлгісін орнықтырсам деп еді. Алма апай: естеліктер жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – 208 б.
5. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.

БИОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Куанова Айшолпан Бактыбековна

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы,
Қазақстан. e-mail: Kuanovaa96@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада биология пәні бойынша оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына қызығушылығын арттыру және оның тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында шабақ балық негізінде тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру жолдары қарастырылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануына, сондай-ақ шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Шабақ балықты зерттеу арқылы оқушылар биологиялық процестерді терең түсініп, экологиялық мәселелерге назар аударады. Мақалада зерттеудің әдіснамасы, практикалық тәжірибелер және зерттеу барысындағы негізгі қадамдар сипатталған. Бұл әдіс оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруда және олардың биологияға деген қызығушылығын арттыруда тиімді тәсіл болып табылады. Сонымен қатар, мақалада зерттеу процесінде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары да талқыланады. Қорытындысында, ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, олардың жауапкершілік пен ынтасын арттыруға бағытталған маңызды құрал екені көрсетілген.

Кілт сөздер:биология, шабақ балық, ғылыми-зерттеу жұмысы, экология, оқыту әдістемесі



Орта мектеп оқушыларының биология пәні бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын тиімді ұйымдастыру — білім беру үдерісінің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл үдеріс жан-жақты ойластырылған стратегия мен мұқият ұйымдастыруды қажет етеді. Алдымен, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды. Оқушының білім деңгейі, қызығушылықтары мен қабілеттері зерттеу тақырыптарын таңдауда үлкен рөл атқарады. Тұлғалық-бағдарланған тәсіл оқушыларға өз қызығушылығына сай тақырыппен айналысқан кезде олардың қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, экологияға қызығушылық танытатын оқушылар қоршаған ортаны қорғау мәселелерін зерттей алады, ал басқалары генетика немесе биотехнология саласына бағытталуы мүмкін [1].

Сонымен қатар, оқушылардың мотивациясы маңызды рөл атқарады. Ғылыми-зерттеу жұмысы қызықты болуы үшін оның маңыздылығы мен шынайы өмірдегі қолданылуын көрсету қажет. Биологияның медицинада, ауыл шаруашылығында немесе экологияда қол жеткізген жетістіктері оқушыларды пәнді тереңірек зерттеуге шабыттандырады. Мектептік олимпиадалар, конкурстар және ғылыми конференциялар ұйымдастыру оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттырып, оларды өздерін жүзеге асыруға ынталандырады. Ғылыми-зерттеу жұмысының маңызды элементі — оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі. Мұғалімдер оқушылардың бастамаларын қолдап, оларға зерттеу жұмыстарын жоспарлауға, тәжірибе жүргізуге және деректерді талдауға көмектесуі қажет. Оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап ғылыми әдіснаманың негіздеріне үйрету керек: сұрақтар қою, шешімдерді іздеу, тәжірибелерді жоспарлау және нәтижелерді дұрыс өңдеу. Бұл дағдылар болашақта күрделі зерттеулерге негіз қалайды [2].

Қазіргі технологиялар да ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Компьютерлік симуляциялар, онлайн деректер платформалары және виртуалды зертханаларды қолдану оқушылардың зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бұл зерттеу үдерісін қызықты әрі интерактивті етіп қана қоймай, оларды болашақта қажетті заманауи құралдарды қолдануға үйретеді.

Ең тиімді бағыттардың бірі – ғылыми мекемелер мен университеттермен ынтымақтастық. Мұндай серіктестік оқушыларға заманауи жабдықтар мен зертханаларға қол жеткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оларды білікті мамандардың басшылығымен зерттеулерге қатысуға тартады. Мұндай тәжірибе оқушылардың

құзыреттілігін арттырып, болашақтағы кәсіби бағытын таңдауда маңызды қадам бола алады.

Мұғалімнің ғылыми жұмысты ұйымдастырудағы рөлі де ерекше маңызды. Ол тек білім көзі ретінде ғана емес, оқушыларды бағыттайтын және қолдайтын тәлімгер ретінде әрекет етуі тиіс. Ғылыми жобаларды тиімді басқару үшін мұғалім пәнді терең меңгеріп қана қоймай, оқушыларға өз шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беретін қолайлы жағдай жасау керек. Мұғалімнің дұрыс қолдауы оқушыларды ғылыми ізденістерге бағыттап, білім беру үдерісін қызықты әрі нәтижелі етеді.

Осылайша, оқушылардың биология пәні бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыру үшін кешенді тәсіл қажет. Ол жеке-бағдарланған оқытуды, мотивацияны, өз бетінше жұмыс істеуді дамыту, заманауи технологияларды қолдану және ғылыми ұйымдармен ынтымақтастықты қамтиды. Мұның бәрі оқушылардың терең білім алуына ғана емес, болашақта қажет болатын өмірлік және кәсіби дағдыларды дамытуға ықпал етеді [3].

Біз өз зерттеу жұмысымызда «Балықтардың өсуі мен дамуы» атты ғылыми-зерттеу жұмысының оқушылардың танымдық және зерттеушілік дағдыларына әсерін зерттедік. Шабақты (*Clupeonella*) биология сабағында ғылыми-зерттеу нысаны ретінде зерделеу.

Шабақты зерттеу мектеп биологиясындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін қызықты тақырып бола алады. Бұл балық майшабақ тұқымдасына жататын және экологиялық әрі экономикалық тұрғыдан маңызды нысан болып табылады. Шабақты зерттеуді мектептегі ғылыми жұмыстарға енгізу оқушыларға экологияның, балық биологиясының негізгі аспектілерін және теңіз экожүйелерін сақтаудың маңыздылығын түсіндіруге мүмкіндік береді.


Ең алдымен, шабақты су экожүйелеріндегі қоректік тізбектің маңызды бөлігі болып табылады. Ол көптеген жыртқыш балықтар мен теңіз құстарының азығы болып саналады. Оқушылар оның популяциялық динамикасын зерттеп, оның санына әсер ететін климаттың өзгеруі, су айдындарының ластануы немесе балық аулау сияқты факторларды зерттей алады. Бұл экожүйелік өзара әрекеттестіктер мен биоәртүрлілікті сақтаудың маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Екіншіден, шабақты көптеген елдердің балық аулау экономикасында маңызды рөл атқарады. Оның биологиясын, көбеюін және миграциясын зерттеу оқушыларға тұрақты балық аулау ресурстарды сақтауға қалай әсер ететінін жақсырақ

түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылар шабақ популяциясын бағалау әдістерін, маусымдық миграциясы мен көбеюін зерттей алады, бұл олардың ғылым мен экономиканың практикалық аспектілерін байланыстыруға көмектеседі.

Біздің жағдайымызда шабақ зертханалық зерттеулер үшін қолайлы нысан болып табылды. Оқушылар оның анатомиясын, физиологиясын және қоршаған орта жағдайларына бейімделу ерекшеліктерін зерттей алды. Шабақпен зертханалық тәжірибелер судың температурасы мен тұздылығының өзгеруіне балықтың қалай жауап беретінін зерттеуді қамтыды, бұл оқушыларға тірі организмдердің бейімделу механизмдерін түсінуге көмектесті.

Жүргізілген зерттеу жұмысының тиімділігін анықтауда А.И. Савенков пен А. П. Гладкованың ғылыми әдістемесі қолданылды.

Оқушылардың бастапқы зерттеу дағдыларының бастапқы деңгейі және зерттеу жұмысынан кейін зерттеу дағдыларының қалыптасу деңгейі анықталған болатын. Зерттеу нәтижесі 1-ші суретте көрсетілген.



Сурет 1. Оқушылардағы зерттеушілік дағдыларының қалыптасу деңгейі

Оқушылардың зерттеу жұмысына дейінге бастапқы зерттеу дағдылары бойынша: 5 оқушыда (29,4%) – төмен деңгей, 10 оқушыда (58,8%) – орташа

деңгей, ал 2 оқушыда (11,7%) – жоғары деңгей анықталған болатын. Ал зерттеу жұмысының соңында алынған сауалнама нәтижесінде оқушыларда қалыптасқан зерттеушілік дағдының төмен деңгейі 2 оқушыда (11,7%) анықталды, яғни 3 оқушыға азайды. Ал зерттеушілік дағдының жоғарғы деңгейі 8 оқушыда (47%) анықталды, бұл бастапқы көрсеткіштен 6 оқушыға көбірек. Орташа деңгейдегі зерттеушілік дағды 7 оқушыда (41,2%) анықталды, яғни 3 оқушыға кеміді.

Алынған зерттеу нәтижесін оқушылардың зерттеу дағдыларының қалыптасуы, соның ішінде төмен және орташа деңгейдегі оқушылардың саны азайып, ал жоғарғы деңгейлі зерттеушілік дағдыларға ие оқушылар санының артуы жүргізілген зерттеу жұмысының оң әсерін, яғни тиімділігін көрсетеді.

Осылайша, мектептегі биология сабақтарында шабақты ғылыми-зерттеу нысаны ретінде зерделеу оқушылардың су экожүйелері туралы білімдерін тереңдетіп қана қоймай, оларда ғылымға деген қызығушылықты арттырып, табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану маңыздылығын түсінуге ықпал етеді. Бұл зерттеу түрі оқу бағдарламасына қызықты және пайдалы қосымша бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Еркебаева Г.Ғ. Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру жүйесінің міндеттеру, бағыттары мен мазмұны. //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Шымкент, 2017. – Б.6-9.
2. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе. – Алматы, 2015. – 174 б.
3. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий //Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. – Түркістан, 2018. – 30- 32 б.

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Кизатова-Шабанова Акмарал Еркинқызы

Әбіш Кекілбаев атындағы Vinom School мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі

Астана қаласы, Қазақстан

e-mail: mako84sha@mail.ru

Аңдатпа

Қазіргі уақытта әлем технологиялық революцияның қарқынды даму кезеңін бастан өткеруде. Ақпараттық ағындар мен жоғары технологиялық инновациялар адамзаттың барлық ақпараттық технология салаларын түбегейлі өзгертіп жатыр. Осыған байланысты, STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) – интеграцияланған оқыту тәсілі ретінде ерекше мәнге ие болып отыр. STEM оқыту академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамаларды практикалық қолданумен ұштастырады, бұл оқушылардың аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

STEM тәсілінің басты мақсаты – мектеп, қоғам және жұмыс әлемі арасындағы тығыз байланыстарды орнатып, STEM сауаттылығын дамыту арқылы жаһандық экономикадағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады. Бұл әдіс білім алушыларға өз зияткерлік әлеуетін тиімді пайдаланып, инновациялық идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. STEM оқыту шығармашылық ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Түйінді сөздер: химия, инновация, технология, мектеп, инженерия, ғылым.



Қазіргі ғылыми-білім беру кеңістігінде төртінші технологиялық революцияның салдары көрініп тұр. Жоғары жылдамдықты ақпарат ағындары, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларына өзгерістер енгізуде. Серпінді дамып келе жатқан әлемде білім беру саласы да елеулі өзгерістерге ұшырауда.

STEM – академиялық ғылыми және техникалық тұжырымдамаларды нақты өмірде қарастыратын біріктірілген оқыту әдісі. Бұл әдістің мақсаты – STEM сауаттылығы мен әлемдік экономикада бәсекеге қабілеттіліктің дамуына ықпал ететін мектеп, қауымдастық, жұмыс және әлем арасындағы тұрақты байланысты құру.

Оқыту

үдерісінде STEM әдісін қолдану оқушылардың кез келген проблеманы шешу, шығармашылық тұрғыдан қарау, сыни тұрғыдан талдау, тәуелсіз ойлау, ұжымда бірлесіп жұмыс істеу, жаңа идеяларға бастама беру және сандық сауаттылық сияқты дағдыларын дамытуға ықпал етеді. STEM мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін әріптестермен бірге оқу мақсаттарына сәйкес жоспарлау жүргізіліп, сабақ жоспары құрылады. Мұғалім бірнеше пәндерден оқу мақсаттарын біріктіріп, жаңа білімді меңгеруде STEM мүмкіндіктерін пайдаланады.

Мысалы, 10-сыныптың химия пәнінде «Тотығу-тотықсыздану реакциялары» тарауында «Гальваникалық элементтер» тақырыбында STEM әдісін қолдану оқушылардың біліктілігін тәжірибе тұрғысында дамытуға мүмкіндік берді. Сабақ барысында батареяларды қолдану арқылы «Қарапайым батареяны қалай жасауға болады?» тәжірибесі жүргізілді. Бұл тәжірибе оқушыларға химия, физика, математика сияқты пәндердің теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасыр талаптарына сай дағдыларды дамытуға мүмкіндік берді.

Сабақ барысында оқушылар батареялар туралы мәліметтерді зерттеп, электрохимиялық ұяшықтар жасап, оларды тәжірибеде қолдану арқылы жұмыс істейтін батарея құруға тырысты. Ең жарық шамды құрастыру үшін түрлі материалдар мен электрохимиялық ұяшықтарды пайдаланып, нәтижелерін бағалады.

Бұл тәжірибе STEM-нің барлық саласын қамтыды: ғылым – химиядағы электрохимия, тотығу-тотықсыздану үрдістері; технология – вольтметр, калькулятор және интернет ресурстарды қолдану; инженерия – гальваникалық ұяшықтар құру; математика – Нернст теңдеуі арқылы есептеулер

жүргізу. Тәжірибе нәтижелері STEM әдісін қолданудың оқушылардың ғылыми түсініктерін дамытуға және сыни ойлау мен топтық жұмысты жетілдіруге ықпал ететінін көрсетті. Бұл әдіс оқушыларға бір пәннің білімін екіншісімен байланыстыру арқылы күрделі теориялық ұғымдарды жеңіл түсінуге мүмкіндік берді.

STEM әдісін қолдану келесідей маңызды нәтижелерге қол жеткізеді: оқушылардың XXI ғасырдың қиындықтарына бейімделуі, жаһандық бәсекеге қабілетті азаматтардың қалыптасуы, және пәндердің интеграциясы арқылы терең білім алуы. Дегенмен, мұғалімдер алдында уақыттың шектеулігі, оқу құралдарының жетіспеушілігі және STEM бойынша кәсіби дайындықтың болмауы сияқты кедергілер бар.

Қорытындылай келе, STEM технологиялық дамыған әлемге болашақ мамандарды дайындау үшін маңызды құрал болып табылады және оны оқу үдерісінде кеңінен қолдану жоғары нәтижелерге жеткізетініне сенім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Nogaybayeva, G., & Zhumazhanova, S. (n.d.). Razvitie STEM-obrazovaniya v mire i Kazakhstane. Bilimdi el - Obrazovannaya strana, (20).
2. Kusainova, S., Tantybaeva, B., Abilaykhan, A., Shaikhova, B., & Yerezhpebekova, A. (2023). Pənaralyk baylanystardy iske asyra otyryp, khimiya sabaktarynda STEM innovatsiyalyk ədisterin qoldanu. L.N. Gumilyev atyndagy Eurasia ulttyq universitetinin khabarchy. Pedagogika. Psikhologiya. Sotsiologiya seriyasy, 143(2), 212–220.
3. Azizov, R. (n.d.). Obrazovanie novogo pokoleniya: 10 preimushchestv STEM obrazovaniya. Retrieved from <https://ru.linkedin.com/pulse/-stem-rufat-azizov>
4. Brown, B. A. (2019). STEM bilimi: Gylymi-populyarlyq tekhnologiyalar.
5. McGee, E. O. (2020). Innovatsiyalar zhane nesil STEM biliminde.
6. Hawking, S. (1988). Uaqytyn qysqasha tarikhy.
7. Penpraze, B. E. (2020). XXI gasyr ushin STEM bilimi.
8. Laukkanen, R. (2008). Finlandiya strategiyasy: barlyghyna arnalghan zhogary dengeili bilim beru.
9. Salykhanova, Z. B. (2021). Oqytyushylardy STEM-ədisterimen terbiyeleu zhane zhogary oku oryndarynda innovatsiyany qoldanu. Kazakhstan Pedagogika Zhurnaly, 35(4), 56–63.
10. Kusainova, S., & Shaikhova, B. (2022). STEM-edisterin qoldanyp khimiya sabaktarynyng interaktivti mumkindikteri. Pedagogikalyk Zhurnal, 28(1), 45–52

ПРОБЛЕМЫ ВЛИЯНИЯ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ НА ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПСИХОЛОГОВ В ЭПОХУ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Барлыбаева Эльмира Жаксылыковна

Магистр педагогических наук, старший преподаватель
университете Туран-Астана, город Астана, Казахстан,
e-mail: barlybaeva89@mail.ru

Аннотация

В данной статье анализируются современные технологии и их влияние на развитие методов диагностики и коррекции психических расстройств. Особое внимание уделяется искусственному интеллекту (ИИ) как инструменту, который открывает новые возможности для психологов. Применение инновационных алгоритмов позволяет проводить глубокий анализ данных, выявлять сложные паттерны и предоставлять персонализированные рекомендации. В статье рассматривается создание виртуальных сред, которые могут быть использованы в терапии различных психических расстройств, таких как фобии и тревожные состояния. Также подчеркивается роль ИИ в автоматизации процессов диагностики и разработки индивидуализированных подходов к лечению. Обсуждаются перспективы внедрения данных технологий в клиническую практику, включая этические аспекты и ограничения их применения. Цифровая трансформация, вызванная внедрением ИИ, способствует расширению инструментов психологической помощи и повышению её эффективности в решении сложных задач.

Ключевые слова: алгоритмы, инновации, искусственный интеллект, психология, технологии.



В настоящее время, когда технологические достижения проникают в каждый аспект нашей жизни, область психологии также сталкивается с влиянием цифровой трансформации. Особенно с развитием искусственного интеллекта (ИИ) психологи ощущают необходимость приспособиться к новым вызовам и возможностям, что меняет как способы оказания помощи, так и саму профессию.

Наше исследование посвящено вопросам, связанным с цифровой трансформацией в психологии, а также отвечаем на вопрос какие навыки и знания становятся важными в эпоху ИИ для психологов, и как они могут использовать новые технологии, чтобы улучшить качество предоставляемых услуг.

Более того, мы обращаем внимание на то, как данная трансформация влияет на взаимоотношения между психологами и клиентами, и как сохранить человечность во всем этом технологическом разнообразии.

Цифровая трансформация предоставляет огромные возможности для развития психологии и улучшения предоставляемых психологических услуг [5]. Вот несколько

дополнительных преимуществ:

1. Цифровая трансформация предоставляет огромные возможности для развития психологии и улучшения предоставляемых психологических услуг.

2. Благодаря анализу большого количества данных и использованию алгоритмов машинного обучения, психологи могут создавать персонализированные программы лечения и поддержки для каждого конкретного клиента, учитывая его уникальные потребности и характеристики.

3. Технологии мониторинга, такие как носимые устройства и приложения для отслеживания состояния здоровья, позволяют психологам получать более точные и непрерывные данные о физиологических и поведенческих показателях клиентов, что способствует более эффективному мониторингу прогресса лечения.

4. Цифровые платформы позволяют психологам предоставлять услуги онлайн, что увеличивает доступность психологической помощи для людей, живущих в удаленных районах, а также тех, кто из-за физических или психологических причин ограничен в возможности личного посещения практикующего специалиста.

5. Алгоритмы машинного обучения могут помочь выявить паттерны и связи в данных, которые могут быть неочевидны для человеческого наблюдателя, что делает диагностику более точной и эффективной.

6. Данные могут быть использованы для анализа нейрофизиологических данных, полученных с помощью функциональной магнитно-резонансной томографии (МРТ) и электроэнцефалографии (ЭЭГ), для выявления изменений в мозговой активности при различных психических расстройствах.

Все эти факторы в совокупности способствуют улучшению качества психологической помощи и расширению ее доступности для широкого круга людей.

Применения искусственного интеллекта в психологии предполагает ряд этических и конфиденциальных вызовов [20]. Одним из основных этических вопросов является обеспечение конфиденциальности и безопасности информации, передаваемой между психологом и клиентом. С ростом использования цифровых технологий, таких как онлайн-консультирование и хранение данных в облаке, возрастает риск утечки личной информации.

Важно также учитывать, что ИИ может быть использован для анализа и обработки больших объемов данных, включая личные данные клиентов. Это может привести к вопросам конфиденциальности и прав на личную жизнь. Психологи должны быть осознанными в использовании технологий и обеспечении безопасности информации, чтобы предотвратить возможные этические и конфиденциальные проблемы.

Данная проблема предполагает учет ряда аспектов, а именно:

1. Информированное согласие:

Психологи должны четко информировать своих клиентов о том, какие данные собираются собирать и как они будут использоваться при помощи искусственного интеллекта. Клиенты должны иметь возможность дать свое информированное согласие на использование своих данных. [6]

2. Прозрачность алгоритмов:

Психологи, использующие искусственный интеллект, должны быть прозрачны в отношении алгоритмов, используемых для анализа данных и принятия решений. Это включает в себя объяснение клиентам, какие алгоритмы используются и как они влияют на процесс психологической помощи. [6]

3. Аккаунтабельность:

Психологи должны быть ответственными за результаты использования

искусственного интеллекта в своей практике. Они должны следить за тем, чтобы алгоритмы работали справедливо и без пристрастия, и брать на себя ответственность за любые ошибки или недочеты.

4. Эквивалентность заботы:

При использовании искусственного интеллекта в психологической практике важно обеспечивать равное обращение и заботу о всех клиентах, независимо от их социального статуса, расы, пола, возраста и т.д. [6]

Использование искусственного интеллекта предполагает и некоторые «цифровые преграды, которые имеют следующее содержание:

Психологи, использующие ИИ и другие технологии, должны быть внимательны к возможной зависимости от них. Это может привести к снижению эмпатии и недооценке важности личной связи с клиентами. Поэтому важно соблюдать баланс между использованием технологий и поддержанием личного контакта. [11]

Дистанционная работа и удаленное консультирование могут снизить уровень личной связи между психологом и клиентом, что может сказаться на качестве консультации и терапии. Поэтому психологам следует уделить особое внимание поддержанию личной связи, даже при использовании цифровых технологий.

Важно осознавать, что личные контакты и эмоциональная поддержка играют ключевую роль в успешной психологической помощи. Психологи должны стремиться поддерживать личные контакты с клиентами и активно работать над укреплением отношений, даже при использовании цифровых средств коммуникации.

Психологи должны постоянно совершенствовать свои навыки и знания в области использования цифровых технологий, чтобы эффективно применять их в работе с клиентами и минимизировать возможные негативные последствия.

С учетом этих вызовов и принятия соответствующих мер, психологи могут успешно интегрировать цифровые технологии в свою практику, обеспечивая при этом высокий уровень качества услуг и поддерживая эффективное взаимодействие с клиентами. [11]

Для многих людей преодоление фобий может быть непростым вызовом, но виртуальная реальность (VR) открывает двери к инновационным методам

терапии. ВР позволяет создавать реалистичные симуляции ситуаций, вызывающих фобии, помогая пациентам постепенно преодолевать свои страхи. [21].

С использованием виртуальной реальности (ВР) мы можем создать контролируемую и безопасную среду, в которой пациенты могут вступать в контакт с теми ситуациями, которые вызывают их фобии, и постепенно привыкать к ним, уменьшая влияние страхов на их повседневную жизнь.

К примерам, которые могут использовать специалисты, относят следующие:

Для тех, кто страдает (аглофобией) или (арахнофобией), мы можем создать симуляции заполненных людьми улиц или трехмерные модели пауков, позволяя пациентам постепенно привыкать к этим ситуациям и снижать свои страхи.

Для пациентов с (акрофобией), мы можем создать имитации высоких мостов или небоскребов, начиная с более низких высот и постепенно увеличивая их, чтобы помочь пациентам преодолеть страх перед высотой. [22]

А для тех, кто боится полетов (аэрофобия), ВР может создать симуляции воздушных перелетов, начиная с простых и коротких полетов и постепенно переходя к более продолжительным и турбулентным полетам, что помогает им почувствовать себя более комфортно и уверенно в реальных полетах.

ВР также может быть полезна для людей с (социофобией), позволяя им тренироваться выступать перед виртуальной аудиторией, чтобы приобрести уверенность в собственных способностях и преодолеть страх перед публичными выступлениями.

Значение и возможности чат-ботов могут быть отражены в следующем. Чат-боты, в сущности, могут стать цифровыми спутниками на пути к психологическому благополучию, особенно для тех, кто сталкивается с трудностями доступа к профессиональной психологической помощи. Сегодня они не просто инструменты общения, а своего рода виртуальные собеседники, готовые выслушать и помочь в трудную минуту. Взаимодействуя с пользователем через текстовые сообщения, они могут не только предоставить поддержку, но и анализировать поведенческие данные, полученные из социальных сетей и других источников, чтобы выявить тенденции и шаблоны в поведении.

К примеру, чат-боты становятся надежными спутниками для тех, кто борется с депрессией [23], помогая им находить новые стратегии преодоления

трудностей и развивая навыки самопомощи. Они могут быть компаньонами и в трудные моменты для тех, кто страдает тревожностью, уча их техникам релаксации и саморегуляции. С такими чат-ботами в роли виртуальных друзей психологическое консультирование становится доступнее и ближе к сердцу каждого, кто нуждается в поддержке и понимании.

Такие и другие методы использование технологий ставит заботу о человеческом благополучии на первый план, предоставляя более точные и своевременные диагнозы, что позволяет людям получать необходимую помощь раньше и более эффективно. Современные инновационные подходы к терапии фобий не только помогают пациентам преодолевать свои страхи, но и создают более гуманные и поддерживающие условия для их психологического восстановления. В результате пациенты могут почувствовать себя более уверенно и способными преодолевать вызовы в своей повседневной жизни.

В эпоху цифровой трансформации психологи сталкиваются с необходимостью развивать новые навыки и углубленные знания в области ИИ. Это становится ключевым для эффективной работы с огромными объемами данных и использования ИИ в диагностике и лечении психических расстройств. Одним из основных аспектов является умение работать с программным обеспечением, способным обрабатывать огромные объемы данных, а также понимание принципов машинного обучения и разработки алгоритмов для анализа данных.

